Жабдықты пайдаланатын, техникалық қызмет көрсететін және бақылау тексерістерін, сондай-ақ құрастыруды орындайтын персоналдардың атқаратын жұмысына сәйкес біліктілігі болуы тиіс. Персоналдар жауап беретін және олар білуі тиіс мәселелер аясы бақылануы тиіс, сонымен бірге құзиреттерінің саласын тұтынушы нақты анықтап беруі тиіс.

1.4 Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтарды сақтамаудың қауіпті зардаптары

Қауіпсіздік техникасы нұсқаулықтарын сақтамау адам өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті зардаптарға соқтыруы, сонымен бірге қоршаған орта мен жабдыққа қауіп төндіруі мүмкін. Қауіпсіздік техникасы нұсқаулықтарын сақтамау, сондай-ақ залалды өтеу жөніндегі барлық кепілдеме міндеттемелерінің жойылуына әкеп соқтыруы мүмкін.

Атап айтқанда, қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтамау, мәселен, мыналарды туғызуы мүмкін:

- жабдықтың маңызды атқарымдарының істен шығуы;
- міндеттелген техникалық қызмет көрсету және жөндеу әдістерінің жарамсыздығы;
- электр немесе механикалық факторлар әсері салдарынан персоналдар өмірі мен денсаулығына қатерлі жағдай.

1.5 Жұмыстарды қауіпсіздік техникасын сақтай отырып орындау

Жұмыстарды атқару кезінде құрастыру және пайдалану жөніндегі осы нұсқаулықта келтірілген қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықтар, қолданылып жүрген қауіпсіздік техникасы жөніндегі ұлттық нұсқамалар, сондай-ақ тұтынушыда қолданылатын жұмыстарды атқару, жабдықтарды пайдалану, қауіпсіздік техникасы жөніндегі кез-келген ішкі нұсқамалар сақталуы тиіс.

1.6 Тұтынушыға немесе қызмет көрсететін персоналдарға арналған қауіпсіздік техникасы туралы нұсқаулық

- Егер жабдық пайдалануда болса, ондағы бар жылжымалы буындар мен бөлшектердің қорғау қоршауларын бұзуға тыйым салынады.
- Электр қуатына байланысты қауіптің туындау мүмкіндігін болдырмау қажет (аса толығырақ, мәселен, ЭЭҚ және жергілікті энергиямен жабдықтаушы кәсіпорындардың нұсқамаларын қараңыз).

1.7 Техникалық қызмет көрсету, байқаулар мен құрастыруды орындау кезінде қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулар

Тұтынушы техникалық қызмет көрсету, бақылау тексерістері және құрастыру жөніндегі барлық жұмыстарды осы жұмыстарды атқаруға рұқсат етілген және олармен құрастыру және пайдалану жөніндегі нұсқаулықты егжей-тегжейлі зерделеу барысында жеткілікті танысқан білікті мамандармен қамтамасыз етуі тиіс.

Барлық жұмыстар міндетті түрде өшірілген жабдықта жүргізілуі тиіс. Құрастыру мен пайдалану жөніндегі нұсқаулықта сипатталған жабдықты тоқтату кезіндегі амалдар тәртібі сөзсіз сақталуы тиіс.

Жұмыс аяқтала салысымен, бірден барлық бөлшектелген қорғаныш және сақтандырғыш құрылғылар қайта орнатылуы тиіс.

1.8 Қосалқы буындар мен бөлшектерді өздігінен қайта жабдықтау және дайындау

Құрылғыларды қайта жабдықтауға немесе түрін өзгертуге тек өндірушімен келісім бойынша рұқсат етіледі.

Фирмалық қосалқы буындар мен бөлшектер, сондай-ақ өндіруші фирма рұқсат еткен жабдықтаушы бұйымдар ғана пайдаланудың сенімділігін қамтамасыз етуі тиіс.

Басқа өндірушілердің буындары мен бөлшектерін қолдану өндірушінің осы салдардың нәтижесінде пайда болған жауапкершіліктен бас тартуына әкелуі мүмкін.

1.9 Пайдаланудың жол берілмейтін режимдері

Жеткізілетін жабдықты пайдалану сенімділігі тек «Қолданылу саласы» тарауына сәйкес функционалдық мақсатқа сәйкес қолданған жағдайда ғана кепілдік беріледі. Техникалық сипаттамаларда көрсетілген шекті мәндер барлық жағдайларда міндетті түрде сақталуы тиіс.

2. Тасымалдау және сақтау

Жабдықты тасымалдауды жабулы вагондар, жабық машиналар, әуе, өзендік немесе теңіз көлігімен жүргізу керек.

Жабдықты тасымалдау талаптары механикалық факторлар әсері жағынан 23216 МемСТ «С» тобына сәйкес келуі керек.

Жабдықты тасымалдау барысында көліктік заттарға өздігінен жылжуларының алдын алу мақсатында сенімді бекітілуі керек.

Жабдықты сақтау талаптары 15150 МемСТ «С» тобына сәйкес болуы керек.

Сақтау және тасымалдау барысындағы температура: -20 °C-ден +60 °C дейін.

3. Құжаттағы символдар мен жазбалардың мәні




Ескертпе
Аталған нұсқауларды сақтамау адамдардың денсаулығына қауіпті жағдайларға әкеліп соғуы мүмкін.



Ескертпе
Атаулы нұсқауларды сақтамау электр тогына түсіп қалу немесе адамның денсаулығы мен өміріне қауіпті жағдайларға алып келу себебі болуы мүмкін.




Предупреждение
Настоящие правила должны соблюдаться при работе со взрывозащищенным оборудованием. Рекомендуется также соблюдать данные правила при работе с оборудованием в стандартном исполнении.



Назар аударыңыз

Орындамауы жабдықтың істен шығуын, сонымен қатар оның ақауын туындататын қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулар.



Нұсқау

Жабдықты қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін және жұмысты жеңілдететін ұсынымдар мен нұсқаулар.

4. Бұйым туралы жалпы мәлімет

Атаулы Нұсқаулық дренажды жүйелерде жұмыс істейтін сорғыларға, сонымен қатар ағын суларды жинау және бұру жүйелеріне арналған бір сорғылы LC 107 және екі сорғылы LCD 107 (әрі қарай - басқару шкафтары) серияларының барлық басқару шкафтарына арналған.

Атаулы басқару шкафының типі қорек кернеуінің нұсқалары және т.б техникалық сипаттамалары бар фирмалық тақташада көрсетілген типтік мәнінен алған жөн. Бұл тақташа корпус құрамына бекітілген.


Тікелей қосылым сызбасы бойынша іске қосуға арналған басқару шкафының орындалымы жеткізіледі

Белгілі бір орындалымдар бату қаупінің авариялық сигналының берілісіне арналған авариялық сигнализацияның қосымша шығуы бар. Сонымен қатар басқару шкафының кіріктірілген зуммері бар.

1 сорғылы және 2 өлшегіш датчиктері (қоңырау тәріздес) бар кәріздік құдықтар үшін қарастырылған LC 107 7-сур. 1-қосымшада көрсетілген.

2 сорғылы және 3 өлшегіш датчиктері (қоңырау тәріздес) бар кәріздік құдықтар үшін қарастырылған LCD 107 8-сур. 1-қосымшада көрсетілген.

Фирмалық тақташа



1-сур. Фирмалық тақташа

Айқ.	Атауы
1.	Типінің белгілері
2.	Сандық номері
3.	Кернеу, [В] и қорек жиілігі, [Гц]
4.	Контроллердің м.ж. тұтынылатын қуаты
5.	Қорек кірісіндегі сақтандырғыштың м.ж. тогы
6.	Нарықтағы айналым белгілері
7.	Өндіруші мемлекет
8.	Шкаф салмағы, [кг]
9.	Дайындалған уақыты, [жыл/апта]
10.	Сериялық номері
11.	Сигналды реледегі м.ж. кернеу
12.	Сигналды реленің контактысы арқылы өтетін м.ж. ток
13.	Сорғының мейлінше жоғары тогы, [А]
14.	Қорғаныш дәрежесі
15.	Қоршаған орта температурасы, [°C]

Шартты типтік белгілері

Мысал	LC 107 400 3 2.9
LC = бірі сорғымен басқару шкафы	
LCD = екі сорғымен басқару шкафы	
107 = модель белгілері	
Фазалық кернеу [В]	
1 = бір фазалы орындалым	
3 = үш фазалы орындалым	
Өрбір электрқозғалтқыштың м.ж. жұмыс тогы [А]	

Климаттық орындалым түрлері

- Ішкі УХЛ4, IP55 төмен емес, қоршаған орта температурасы -30 °C-ден +50 °C дейін, металды немесе пластикті корпус.

5. Орау және жылжиты

5.1 Орау

Жабдықты алған кезде, орамды және жабдықтың тасымалдау барысында орын алуы мүмкін зақымдануының бар-жоғын тексеріңіз. Орамды тастамас бұрын оның ішінде құжаттар немесе ұсақ бөлшектер қалмағанын тексеріңіз. Егер алынған жабдық Сіздің тапсырысыңызға сәйкес келмесе, жабдықты жеткізушіге хабарласыңыз.

Егер жабдық тасымалдау кезінде зақымданған болса, көлік компаниясымен байланысыңыз және жабдықты жеткізушіге хабарласыңыз.

Жабдықтаушының мүмкін болатын зақымдануларды мұқият қарауға құқығы бар.

5.2 Жылжиты



Назар аударыңыз

Назар аударыңыз

Ескертпе

Қолмен жүзеге асырылатын көтеру және тиеу-түсіру жұмыстарына қатысты жергілікті нормалары мен ережелеріне шектеуді сақтау қажет.

Жабдықты қорек кабелінен ұстап көтеруге тиым салынады.

Кез-келген басқару шкафын тасымалдау көлденең күйінде артқы қабырғасымен жүзеге асырылады, шкафтың қасбеті жоғарыда болуы керек.

6. Қолданылу аясы

Көріз сорғылары бар басқару шкафы көріз жүйелері мен сұйыққоймадан сорып шығаратын сорғы стансаларының құрамында жұмыс істейтін сорғыларды басқару үшін қызмет етеді.

7. Қолданылу қағидаты

Сорғыларды іске қосу мен тоқтату басқармасы осы сұйыққоймада орнатылған пневмодатчиктерден алынатын сұйыққоймадағы деңгейі туралы сигналдар негізінде жүргізіледі.

8. Құрастыру



Ескертпе

Адам денсаулығына қауіпті және залалды сұйықтықтарды айдап қотару үшін қолданылатын сорғыларда жұмыс жүргізуді бастар алдында сорғыларды, жұмыс аймағын (құдықты) және жергілікті жазбалар талаптарына сәйкес т.б. мұқият жуу немесе желдету керек.

Басқару шкафымен кез-келген қимылдарын жүргізер алдында немесе сорғыларда, құдықтарда және т.б. кез-келген жұмыстарында қорек кернеуінің көзінен электр қозғалтқышының барлық кабельдерін ажырату керек. Сорғының рұқсат етілмеген қайта қосылымын болдырмайтын барлық шараларды қабылдау керек.

Құрастыру жергілікті жазбаларға сәйкес білікті маманмен орындалуы керек.

8.1 Орналасқан орнын таңдау



Ескертпе

Басқару шкафы жарылысқа қауіпті аймақтарда орнатылмауы тиіс. Тек қана өлшегіш датчиктерді (қоңырау тәріздес) жарылысқа қауіпті аймақтарда орнатуға болады.

Ашық ауада басқару шкафын орнату барысында қорғаныш аспасының астында немесе қорғаныш корпусында орналастырылуы тиіс.

Басқару шкафын тікелей күн сәулесіне тигізуге болмайды.


8.2 Орнату

Басқару шкафын құрастырар алдында тасымалдау уақытында орнатылған барлық қорғаныш элементтерін жою керек (егер олар бар болса).

Басқару шкафын құрастыру орындалады:


- қабырғаның тегіс бетінде,
- төмендегі кабельді енгізілімдерде (Pg белгіленген), (егер талап етілдетін болса, шкаф түбінде Pg кабельді енгізілімдер жасалынуы мүмкін),
- шкафтың артқы қабырғасындағы бекіту саңылауына қойылатын төрт бұранданың көмегімен. Құрастыру саңылауы 4 мм диаметрімен болуы керек. Бұрандалар бекіту саңылауына қойылады және қатты тартылады. Әр бұрандаға жеткізілім жиынтығына кіретін пластмассалық қалпақшасы кигізіледі (IP55 қорғаныс дәрежесін қамтамасыз ету мақсатында).

2-сур. LCD 107 басқару шкафының шартты ішкі құрылымы көрсетілген (LC 107 дәл осындай құрылымы бар).



2-сур. Шкафтағы элементтердің орналасу сызбасы

3-сур. 3 айқындамаға сәйкес келетін клеммалар нөмірі көрсетілген



3-сур. Сигналды шығарылымының түйісулері бар клеммалық негіз

1 және 2 суреттерде көрсетілген айқындамалар атауы.

Айқ.	Сипаты
1	LCD арналған CU 212 модулі (LC арналған CU 211 модулі).
2	Деңгейді бақылау релесінің кіруіне арналған клеммалық негіз (11-12, 21-22, 31-32, 41-42).
Клеммалы негіз:	
3	<ul style="list-style-type: none"> • PTC терморезисторы/электр қозғалтқышының термоажыратқышына арналған кіру (T11-T21, T12-T22), • бату қаупінің авариялық сигналына арналған шығуымен (H-NC, H-COM, H-NO), • жалпы авариялық сигналдың сыртқы датчигіне арналған шығуымен (G-NC, G-COM, G-NO)
4	Электр қозғалтқышының, 1 және 2 сорғының түйісулері және жылылық релесі.
5	Электр қорегін іске қосуға арналған клеммалы негіз.
6	Басқару жүйесі тізбегінің балқымалы сақтандырғыштар патрондары (1-ден 3-ке дейін - жұмыс кернеуінен/тогына байланысты).
7	Гальваникалық шешімдерге арналған трансформатор (тек LCD үшін).
8	Пневмореле.
9	Кабельді енгізілімдер.
10	Қорғанышты жерге тұйықтау клеммалары (⊕ PE).

Назар аударыңыз: пневматикалық түтік пен өлшегіш датчиктердің (қоңырау тәріздес) м.ж. ұзындығы 20 метр.

9. Электр жабдықты қосу



Ескертпе
Басқару шкафын қосу қолданылымының сәйкес саласы үшін қолданыстағы жазбаларына сәйкес жүргізілуі керек.

Техникалық сипаттамаларымен фирмалық тақташада көрсетілген электр жабдығы бар электр қорегінің параметрлерімен сәйкес болуын қадағалау керек.

Барлық кабельдер/желілер төсемі кабельді енгізілімдер кабельді енгізілімдер мен тығыздамаларды қолдана отырып, жүзеге асырылады.

Егер жергілікті жазбаларға сәйкес сыртқы желілік ажыратқыш орнату қажет болса, онда клиент шкафпен қатар мұны өз күшімен жасайтын болады.

Назар аударыңыз

Егер PTC термокедергісі немесе электр қозғалтқышының термоажыратқышы қосылған болса, онда дайындаушы зауытта орнатылған жалғастырғыш (T11-T21 және T12-T22 қысқыштары) міндетті түрде жөнделуі керек.

Бір фазалы электр қозғалтқыштары сыртқы жұмыс конденсатына, белгілі бір жағдайларда сонымен қатар іске қосу конденсаторында қосылуы керек. Конденсаторлар туралы қалған ақпаратты Төлқұжат, Құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықтан алған жөн.

Пневматикалық түтік пен қоңырау тәріздес өлшегіш датчиктерді құрастыру барысында келесіні орындау керек:

- Барлық пневматикалық түтіктер мен олардың жалғанымдары әрдайым толығымен герметикалық болуы тиіс.
- Пневматикалық түтіктерде сулы қапшықтар пайда болуының алдын алу үшін, пневматикалық түтіктер қоңырау тәріздес датчиктен басқару шкафына ұлғаймалы түрде төселуі керек.
- Пневматикалық түтіктің м.ж. ұзындығы 20 метр.
- Пневматикалық түтіктерді муфталардың көмегімен ұзартуға тыйым салынады, себебі бұл герметикалық емес жалғанымдардың туындауына себепші бола алады.

TM01 4783 0500

TM01 4832 0999

10. Пайдалануға беру



Ескертпе
Адам денсаулығына қауіпті және залалды сұйықтықтарды айдап қотару үшін қолданылатын сорғыларда жұмыс жүргізуді бастар алдында сорғыларды, коллекторлы құдықтарды және жергілікті жазбалар талаптарына сәйкес т.б. мұқият жуу немесе желдету керек. басқару шкафымен кез-келген қимылдарын жүргізерт алдында немесе сорғыларда, коллекторлы құдықтарда және т.б. кез-келген жұмыстарында қорек кернеуінің көзінен электр қозғалтқышының барлық кабельдерін ажырату керек. Сорғының рұқсат етілмеген қайта қосылымын болдырмайтын барлық шараларды қабылдау керек.

Пайдалануға енгізер алдында 11. Пайдалану тарауында көрсетілген ұсыныстарына сәйкес барлық қосулар және реттеулерді орындау қажет.

Пайдалануға енгізу осындай жұмыстарды орындауға рұқсат етілген маманмен орындалуы керек.

Орындалатын операциялар кезектілігі:

1. Пневмоқоңыраулар атаулы қолданылым үшін қосылым сызбасына сәйкес жалғанғанын тексеріңіз (1-қосымшаны қар.).
2. Айдап қотару сұйықтығының деңгейі сорғылардың қабылдау саңылауынан асқанын-аспағандығын тексеру.



Ескертпе
Электр қозғалтқышының жылылықты қорғаныш релесі электр қозғалтқышының фирмалық тақташасында көрсетілген номиналды ток мәніне сәйкес бапталуы керек.

3. Қорек кернеуін беру.
Үш фазалы электр қозғалтқыштарымен жабдықталған сорғылар үшін ғана: Фазалар кезектесуінің дұрыстығын тексеріңіз (егер сорғы дұрыс болмаса, сорғы сорғы іске қосыла алмайды)!
4. «ҚОСУ-АЖЫР-АВТОМАТ» жұмыс режимінің ауыстырып қосқышың көмегімен сорғыларды іске қосыңыз.
5. Сорғылардың құрғақ қалпында жұмыс істемеуін тексеру.
DIP ауыстырып қосқыштарын қайта орнату жолымен және/немесе деңгейді бақылау пневмоқоңырауларының күйін өзгерте отырып, құрғақ жұмыс қаупін болдырмау.
6. Үш фазалы электр қозғалтқыштарымен жабдықталған сорғылар үшін ғана:
Айналым бағытының дұрыстығын тексеріңіз.
Сәйкес сорғыға арналған Нұсқаулығын қар.
7. «ҚОСУ-АЖЫР-АВТОМАТ» жұмыс режимінің ауыстырып қосқышың көмегі барысында басқару шкафы үшін талап етілген жұмыс режимін таңдаңыз.

Басқару шкафын қосу құрамында басты ажыратқыш қарастырылмаған. Оны шкафпен қатар өздігінен тапсырыс беруге және құрастыруға ұсыныс жасалады. Мысалы, 96002511 «Жеке корпусындағы басты ажыратқыш».

Нұсқау

11. Пайдалану

Пайдалану талаптары 14. Техникалық сипаттамалар тарауында келтірілген.

Басқару шкафы қамтамасыз етеді:

- пневмоқоңыраулар қабылдайтын, сұйыққоймадағы сұйықтық деңгейін көрсететін сигналдар көмегімен 1 немесе 2 сорғымен басқаруды;

- сорғылардың автоматты ауысымы (екі сорғының арасындағы жалпы пайдалану уақытын үлестіру үшін);
- сорғылардың ұзақ уақыттар бойы тұрып қалуының жағдайында сынақтық режимінің автоматты іске қосылу мүмкіндігі (әрбір 24 сағат сайын);
- электр желісінің үзілуі жағдайында аккумуляторлы батареяларынан үздіксіз контроллер қорегі (жабдық ретінде);
- негізгі қорек көзінен жұмысқа батареядағы жұмысымен өтуі барысында сорғының қосылуын ұстап қалуды (0-ден 255 секундқа дейін) (осымен бірнеше сорғылы қондырғыларын бір уақытта қосу барысында жүктемелерінің біркелкілігін қамтамасыз ете отырып);
- авариялық сигналының автоматты түсірілу мүмкіндігін;
- автоматты қайта қосу мүмкіндігін;
- пайдаланудың нақты талаптарына сәйкес тоқтаудың кешігу уақытын орнату мүмкіндігі;
- сұйықтық деңгейінің индикациясын;
- авариялық режим индикациясын:
 - жол берілмейтін жоғары сұйықтық деңгейі жағдайында;
 - артық жүктелімі барысында (электр қозғалтқышының қорғанышты релесінің көмегімен);
 - қызып кетуде (РТС терморезисторы немесе электр қозғалтқышының термоажыратқышы арқылы);
 - электр қорегінің фазаларының қате іске қосылуы;
 - электр желісінің ақаулығы;
 - деңгей датчигінің ақаулығы.

11.1 Бір сорғы үшін LC 107 басқару шкафын іске қосу

Сипаты (сонымен қатар 7-сур. 1-қосымшаны қараңыз):

Сорғымен басқару құдықтағы су деңгейіне байланысты жүзеге асырылады.

- Төменгі датчик, 1-айқ. сұйықтықтың болуын тіркейтін болса, сорғы жұмыс істей бастайды.
- Егер датчик, 1-айқ. сұйықтықтың болуын тіркемейтін болса, сорғы кешігумен ажыратылады, бұл алдын-ала ретеле алады. Кешіктіру уақыты өткен соң сорғы ажыратылады.
- 2-айқ. жоғарғы датчигі бату қаупінің авариялық сигналын беру үшін қызмет етеді.

Іске қосу (сонымен қатар 7-сур. 1-қосымшаны қараңыз):

Суреттерде барлық электрлік жалғанымдар мен LC 107 басқару шкафын құрастыру кезіндегі пневматикалық түтіктердің жалғанымдары көрсетілген.

11.2 Екі сорғы үшін LCD 107 басқару шкафын іске қосу

Сипаты (сонымен қатар 8-сур. 1-қосымшаны қараңыз):

Сорғымен басқару құдықтағы су деңгейіне байланысты жүзеге асырылады.

- Егер датчик, 1-айқ. сұйықтықтың болуын тіркейтін болса, бірінші сорғы жұмыс істей бастайды.
- Егер датчик, 2-айқ. сұйықтықтың болуын тіркейтін болса, келесі сорғы жұмыс істей бастайды.
- Егер датчик, 1-айқ. сұйықтықтың болуын тіркемейтін болса, сорғы кешігумен ажыратылады, бұл алдын-ала ретеле алады. Кешіктіру уақыты өткен соң сорғы ажыратылады.
- Сорғылар кезектесіп жұмыс істейді.
- 3-айқ. датчигі бату қаупінің авариялық сигналын беру үшін қызмет етеді.

Іске қосу (сонымен қатар 8-сур. 1-қосымшаны қараңыз):

Суреттерде барлық электрлік жалғанымдар мен LCD 107 басқару шкафын құрастыру кезіндегі пневматикалық түтіктердің жалғанымдары көрсетілген.


11.3 Реттеу

CU 211 және CU 212 модуліне төменгі оң жақ бұрышта орналасқан 10 түйістіргілі ауыстырып қосқышы кіреді, 4-сур. қар.

Назар аударыңыз: Басқару шкафын орнату мәндерін енгізу уақытында ауыстырып қосқыштар блогын өзгерткеннен кейін, іске қосу уақытында дұрыс құрылымдауын қамтамасыз ету үшін, кем дегенде 1 минутқа ажыратылуы керек

Басқару блогын орнату көмегімен келесілерді орындауға болады:

- іске қосу кешігуі мен автоматты сынақты іске қосу функциясын таңдау (4-ауыстырып қосқыш),
- тоқтаудың кешігуі уақытының орнату мәндерін енгізу (5, 6 және 7-ауыстырып қосқыштар),
- авариялық сигналдың автоматты түсірілімін таңдау (9-ауыстырып қосқыш),
- автоматты қайта іске қосуды таңдау (10-ауыстырып қосқыш).



TM01 7109 4099

Рис. 4 DIP-переключатели модулей CU 211 и CU 212

Жеке DIP ауыстырып қосқыштары (1-ден 10-ға дейінгі) не АЖЫП (OFF), ҚОСУ (ON) күйінде болуы мүмкін.

Назар аударыңыз; Ауыстырып қосқыш блогын баптау үшін, таулы тарауда көрсетілген қиыстыруларды ғана қолдану керек.

1...10 ауыстырып қосқыштарын келесі жолдармен орнату:

- Жүйе типін анықтау үшін, **1, 2 және 3-ауыстырып қосқыш:** Егер ауыстырып қосқыш блогының баптаулары өзгертін болса, басқару шкафы кем дегенде бір минут аясында ажыратқан күйінде тұруы керек!



Бұл баптау жүйенің ағымдағы типін анықтайды.

- Іске қосу және автоматты сынақтық іске қосу барысында кешігуінің уақытын орнатуға арналған **4-ауыстырып қосқыш** (тоқтаусыз қоректің аккумуляторлы батареясының болуы барысында ғана). Егер ауыстырып қосқыш блогының баптаулары өзгертін болса, басқару шкафы кем дегенде бір минут аясында ажыратқан күйінде тұруы керек!



Атаулы қондырғы, егер жеткілікті су деңгейі бар болатын болса, қорек кернеуі қалпына келтірілгеннен кейін, 0-ден 255 секундқа дейінгі диапазонда (еркін орнатылады) іске қосу барысындағы кешігуін анықтайды. **Автоматты сынақтық іске қосылым әрбір 24 сағатта орындалады.**



Қорек берілгеннен кейін, егер сұйықтық қажетті деңгейіне жеткен уақытта сорғы берден жұмысын бастап кетеді. **Автоматты сынақтық іске қосу жоқ.**

- Тоқтау барысында кешігуінің уақытын орнатуға арналған **5, 6 және 7-ауыстырып қосқыштар:** Егер ауыстырып қосқыш блогының баптаулары өзгертін болса, басқару шкафы кем дегенде бір минут аясында ажыратқан күйінде тұруы керек!

Тоқтатуды кешіктіру уақыты - тоқтату сигналын беру уақытынан сорғыны нақты тоқтатуға дейінгі уақыт кезеңі. Тоқтатуды кешіктіру барлық сорғылар өшірулі кезде, өлшегіш датчиктер (қоңырау тәріздес) су бетінде еркін ілініп тұратындай болып реттелуі керек. Құрғақ жүріс туындау мүмкіндігін жою керек.

0 сек.		60 сек.	
15 сек.		90 сек.	
30 сек.		120 сек.	
45 сек.		180 сек.	

- **8-ауыстырып қосқыш:** Егер ауыстырып қосқыш блогының баптаулары өзгертін болса, басқару шкафы кем дегенде бір минут аясында ажыратқан күйінде тұруы керек!



8-ауыстырып қосқыш атаулы жүйеде ешқандай функциясы жоқ, алайда осы баптауды сақтап қою керек!

- Авариялық сигналдың автоматты түсіріліміне арналған **9-ауыстырып қосқыш:** Егер ауыстырып қосқыш блогының баптаулары өзгертін болса, басқару шкафы кем дегенде бір минут аясында ажыратқан күйінде тұруы керек.



Осы қондырғы авариялық сигнализацияның сыртқы құрылғысына және кіріктірілген дыбыстық сигнализациясына түсетін авариялық сигналдың автоматты түсірілімін қамтамасыз етеді. Дегенмен де, егер авариялық сигнал ақаулы себебі жағдайында ғана авариялық сигнал түсірілетін болады.



Осы қондырғы барысында авариялық сигнал түсірілім түймесінің көмегімен қолмен түсірілуі керек (түйме сипаттамасы 8.2 және 7.2 айқ. көр.).

- Автоматты қайта іске қосу функциясына арналған **10-ауыстырып қосқышы:** Егер ауыстырып қосқыш блогының баптаулары өзгертін болса, басқару шкафы кем дегенде бір минут аясында ажыратқан күйінде тұруы керек!

Осы қондырғы сорғының РТС термодатчигімен/термоажыратқышпен ажыратылғанынан кейінгі автоматты қайта іске қосылуын қамтамасыз етеді. Егер электр қозғалтқышы қалыпты температураға дейін суыған болса ғана қайта іске қосу жүргізіледі.



Ескертпе
Егер қосулы сорғы жарылысқа қауіпті аймақта пайдаланылатын болса, 10 ажыратқышты еш уақытта осы күйіне қоюға болмайды.

Ауыстырып қосқыштың осы күйінде РТС термодатчигінің/термоажыратқыштың іске қосылуынан кейін, сорғының қайта қосылуы қолмен жүргізіледі.


Сорғыны қайта іске қосу үшін, қысқа уақытқа көп айқындамалы ауыстырып қосқыштың ҚОСУ-АЖЫП-АВТОМАТ пайдалану режимін АЖЫП күйіне ауыстырыңыз (көп айқындамалы ауыстырып қосқыштың сипаттамасы 8.2 және 7.2 айқ. көр.).



Ескертпе
Егер қосулы сорғы жарылысқа қауіпті аймақта пайдаланылатын болса, 10 ажыратқышты еш уақытта осы күйіне қоюға болмайды.

11.4 Бір сорғыға арналған басқару панелі және басқару шкафының функциясы

5-сур. CU 211 модулінің басқару панелі көрсетілген.




5-сур. Басқару панелінің сыртқы түрі

Басқару аймақтарының сипаттамасы 5-сур көр.

Айқ.	Сипаты
1	Жасыл түсті жарық сигналымен уақыт ұсталымымен қосу режимі (егер сигнал жыпылықтаса) және сорғыға арналған (егер сигнал үнемі жанып тұрса) пайдалану режимі білінеді.
2	Қызыл түсті жарық сигналымен сорғының ақаулығы индикацияланады. Жыпылықтайды: қозғалтқыштың қызуы, РТС терморезисторының/термоажыратқышының іске қосылуы. Жанып тұр: Қозғалтқыштың жылу реле қорғанышының іске қосылуы.
3	Қызыл түсті жарық сигналымен фаазалардың дұрыс кезектелмеуі индикацияланады (тек үш фазалы электр қозғалтқышты сорғылар үшін).
4	Қызыл түсті жарық сигналымен жалпы авариялық сигнал индикацияланады.
5	ҚОСУ-АЖЫР-АВТОМАТ пайдалану режимінің үш айқындамалы ауыстырып қосқышы.
7	«Түсірілім» нүктесі - сыртқы құрылғыға және кіріктірілген дыбыстық сигнализацияға түсетін авариялық сигналдардың қолмен түсіріліміне арналған түймесі.
8	Төменгі өлшегіш датчигімен (қоңырау тәріздес) белсендіретін сарғыш-қызыл түсті жарық сигналы. Сорғыны іске қосу/ажыр. үшін сұйықтық деңгейін көрсетеді.
10	Сарғыш қызыл түсті үш жарық сигналы бату қаупін көрсетеді. Мұнда ең жоғарғы жарықтық сигнал жыпылықтайды, ал басқа екеуі үнемі жанып тұрады.
11	Жасыл түсті жарық сигналымен қорек кернеуінің қосылуы индикацияланады.

11.5 Екі сорғыға арналған басқару панелі және LCD 107 басқару шкафының функциясы

6-сур. CU 212 модулінің басқару панелі көрсетілген.




6-сур. Басқару панелінің сыртқы түрі

Басқару аймақтарының сипаттамасы 6-сур көр.

Айқ.	Сипаты
1	Жасыл түсті жарық сигналымен уақыт ұсталымымен қосу режимі (егер сигнал жыпылықтаса) және сорғыға арналған (егер сигнал үнемі жанып тұрса) пайдалану режимі білінеді.
2	Қызыл түсті жарық сигналымен сорғының ақаулығы индикацияланады. Жыпылықтайды: қозғалтқыштың қызуы, РТС терморезисторының/термоажыратқышының іске қосылуы. Жанып тұр: Қозғалтқыштың жылу реле қорғанышының іске қосылуы.
3	Қызыл түсті жарық сигналымен фаазалардың дұрыс кезектелмеуі индикацияланады (тек үш фазалы электр қозғалтқышты сорғылар үшін.)
4	Қызыл түсті жарық сигналымен жалпы авариялық сигнал индикацияланады.
5	ҚОСУ-АЖЫР-АВТОМАТ пайдалану режимінің үш айқындамалы ауыстырып қосқышы - 1 сорғы үшін.
6	ҚОСУ-АЖЫР-АВТОМАТ пайдалану режимінің үш айқындамалы ауыстырып қосқышы - 2 сорғы үшін.
7	«Түсірілім» нүктесі - сыртқы құрылғыға және кіріктірілген дыбыстық сигнализацияға түсетін авариялық сигналдардың қолмен түсіріліміне арналған түймесі
8	Бірінші сорғыны қосуға/жалпы ағытуға арналған төменгі деңгей басқару датчигімен белсендіретін сарғыш-қызыл түсті жарық сигналы.
9	Келесі сорғыны қосуға арналған ортаңғы деңгей басқару датчигімен белсендіретін сарғыш-қызыл түсті жарық сигналы.
10	Жоғарғы деңгей басқару датчигімен белсендіретін сарғыш-қызыл түсті 2 жарық сигналы. Сарғыш қызыл түсті екі жарық сигналымен сәйкес қалқымалы ажыратқышымен тіркелетін бату қаупін көрсетеді. Мұнда ең жоғарғы жарықтық сигнал жыпылықтайды, ал басқасы үнемі жанып тұрады.
11	Жасыл түсті жарық сигналымен қорек кернеуінің қосылуы индикацияланады.

11.6 Бір сорғыға арналған LC 107 басқару шкафының түсірілім түймесі және ҚОСУ-АЖЫП-АВТОМАТ пайдалану режимінің көпфункционалы ауыстырып қосқышы



Түсірілім түймесі - сыртқы құрылғылар мен кіріктірілген дыбыстық сигнализациялы авариялық сигналдар шешіп алу түймесі (алайда жады түсірілімі емес - жадыны ҚОСУ-АЖЫП-АВТОМАТ ауыстырып қосқышын АЖЫП (○) күйіне келтіре отырып, тазартуға болады).

Егер, тіпті, ақаулық жойылмаған болса, түсірілім түймесін баса отырып, сыртқы құрылғылар мен кіріктірілген сигнализациялардан авариялық сигналдарды шешуге болады.

ҚОСУ-АЖЫП-АВТОМАТ пайдалану режимінің көпфункционалы ауыстырып қосқышы үш түрлі жағдайға ие:

ҚОСУ (|) жоғарғы күй:

- Осы айқындамаға ауысу барысында сорғыны іске қосу орын алады (егер тек сорғы осының алдында электрқозғалтқыштың қорғаныш релесімен сөндірілген болса ғана).
- Егер электр қозғалтқышының РТС терморезисторы/термоажыратқышы қызып кетуін тіркесе, сорғы ажыратылады.


Назар аударыңыз

Сорғының бұндай авариялық сигнал берілуі барысында қанша ұзақ жұмыс істейтіні үшін қолданушы жауапкершілік көтереді. Ұзақ уақыт жұмыс істеу кезінде сорғы бұзылады.



Ескертпе

Жарылысқауіпті аймақтарда пайдалану кезінде DIP 10-шы ауыстырып қосқышы «Қажетті орындалуға арналған реттеу» тармағында көрсетілгендегідей күйде болуы тиіс. Осының салдарынан сорғы қосылмайды, егер ТКР терморезисторымен немесе электрқозғалтқыштың термоажыратқышының қызып кету туралы сигнал түсетін болса.



АЖЫП (○) орташа күй:

- Егер ауыстырып қосқыш осы айқындамада болатын болса, онда сорғы қосылмайды.
- АЖЫП (○) күйінде жадыны тазарту орын алады. Жады жойылған ақаулықтардың жарық индикациясын танытады. Егер іркіліс жойылмаса, онда көп айқындамалы ауыстырып қосқыш ҚОСУ (|) немесе АВТОМАТ (○), күйінде басылатын болса, онда авариялық режимінің индикациясы тез арада қайта жанатын болады.

АВТОМАТ (○) - төменгі күй:

- Сорғының жұмысы деңгей бақылау датчиктерінен түсетін сигналдар бойынша және ауыстырып қосқыш блоктарының орнатылған баптаулары бойынша реттеледі.
- Авариялық сигналдар автоматты түрде түсірілетін болады. Осыған қарамастан, ауыстырып қосқыш блогындағы 9-ауыстырып қосқышы түсірілім түймесі көмегімен орындалатын қолмен түсірілім күйіне орнатыла алады.
- Егер туындаған ақаулықтар себебі жойылған болса, сорғының қайта автоматты іске қосылуы орын алады. Алайда бұл ауыстырып қосқыштар блогындағы ауыстырып қосқыштар баптауларынан байланысты болады.
- Егер ақаулықтар жоғалғаннан кейін, сорғы автоматты түрде іске қосылады, авариялық режимінің жарық индикаторы әлі де болса, түсірілімін көрсететін болады (кіріктірілген жады есебінен) және осы авариялық индикациясын тек авариялық сигнализация жадысын тазарта отырып, түсіруге болады, АЖЫП (○) күйіне қар.

11.7 Резервтік аккумуляторлы батареясы жұмысы барысындағы басқару шкафының функциясы

Егер басқару шкафында авариялық батарея жиынтығы (кейбір модельдерде жеткізіледі) орнатылған болса, онда төменде көрсетілген функциялар тек басқару шкафының әдеттегі қорек көрнеуі жоқ болған жағдайда ғана орындалатын болады (сонымен қатар төменде келтірілген иллюстрацияны қар.):


- Жалпы авариялық сигнал беріледі, қызыл түсті жарық диоды қосулы - авариялық сигналының түсірілімі мүмкін емес!
- Егер жалпы авариялық сигналын беруге арналған сигнализацияның сыртқы құрылғысы сыртқы қорек қайнарына ие болатын болса, онда мұндай құрылғы қосылады - түсірілім түймесінің көмегімен авариялық сигналын түсірілімі мүмкін емес!
- Кіріктірілген дыбыстық сигнализация қосылады - арнайы түймесінің көмегімен авариялық сигналының түсірілімі мүмкін!
- Егер құдықтағы сұйықтықтың деңгейі су басу қауіпі туралы авариялық сигналдың деңгейі мәнінен жоғары тұрса, онда ең жоғарғы **сарғыш-қызыл** түсті жарық сигналы **жыпылықтайды**, ал екінші жоғарғы **сарғыш-қызыл** түсті жарық сигналы үнемі жанып тұрады.
- Егер іске қосу кешігуі мен автоматты сынақты іске қосу функциясы іске қосылатын болса (ауыстырып қосқышқа 4-түйісу), сорғыны қосу электр қорегі көрінгенге дейін және сұйықтық деңгейі қажеттіге дейін жетпейінше, кейінге қалдырылатын болады.

Бұдан әрі келтірілген кестеде аккумуляторлық батареялардың болуы барысында LC 107 басқару шкафының желілік электр қорегінің үзілуі жағдайларында туындайтын жағдайлар қарастырылады (LCD 107 үшін индикация дәл осындай):

○ = жарық индикаторы ағытулы.

※ = жарық индикаторы үнемі жанып тұрады.

※※ = жарық индикаторы жыпылықтап тұрады.




Желілік электр қорегінің ақаулығы:

- Жалпы авариялық сигналы іске қосылады. **Қызыл** түсті жарық индикаторы жанады.
- Жасыл жарық индикаторы (электр қорегінің болуында) ажыратылған.

Электр қорегінің ажыратылуы және деңгей арттырылуы туралы сигнализация:

- Жалпы авариялық сигналы іске қосылады. **Қызыл** түсті жарық индикаторы жанады.
- Ең жоғарғы **сарғыш қызыл** түсті жарық индикаторы **жыпылықтай** бастайды.
- Жоғарғы жағынан **сарғыш қызыл** түсті жарық индикаторы жанады.
- Жасыл жарық индикаторы (электр қорегінің болуында) ажыратылған.



12. Техникалық қызмет көрсету

Ескертпе

Адам денсаулығына қауіпті және залалды сұйықтықтарды айдап қотару үшін қолданылатын сорғыларда жұмыс жүргізуді бастар алдында сорғыларды, коллекторлы құдықтарды және жергілікті жазбалар талаптарына сәйкес т.б. мұқият жуу немесе желдету керек. Басқару шкафымен кез-келген қимылдарын жүргізер алдында немесе сорғыларда, коллекторлы құдықтарда және т.б. кез-келген жұмыстарында қорек кернеуінің көзінен электр озғалтқышының барлық кабельдерін ажырату керек. Сорғының рұқсат етілмеген қайта қосылымын болдырмайтын барлық шараларды қабылдау керек.



Қалыпты жағдайларда пайдалану барысында басқару шкафы техникалық қызмет етулерін талап етпейді.

Дегенмен шкафының, сорғыларға арналған құдықтарының, сұйыққоймалар, сорғыларға және т.б. кезеңділігіне келетіндерге кейбір аз ғана тексерулерін орындау ұсынылады.

Бұл тексерулер соындай текті жұмыстарды орындауға рұқсат етілген персоналмен жүргізіледі.

Тексерулерге келесі кіруі мүмкін:

- Басқару шкафының алдыңғы панелінің тығыздағышын және кабельді енгізілімдер тығыздағышын тексеріңіз Рg.
- Жарылысқауіпті аймақтардағы кабельдік кірулерді тексеру.
- Сорғысы бар құдықтағы немесе сұйыққоймадағы болуы мүмкін шөгінділердің түзілуін немесе шлақтың жиналуын тексеру. Шламның жиналуының түзілу қауіпі судың жиналық қалуы аймақтарында жоғары.
- Пневмоқоңыраулардың жан-жағында болуы мүмкін шөгінділердің түзілуін немесе шлақтың жиналуын тексеру.
- Өлшегіш датчик пен басқару шкафының арасындағы пневматикалық түтіктің болуы мүмкін балшықпен немесе басқада заттармен бітеліп қалуын немесе олардың герметикалығының бұзылуын тексеру.
- Сорғының сорып алатын желілерінің болуы мүмкін балшықпен немесе басқада заттармен бітеліп қалуын тексеру.
- Егер басқару шкафы өте белсенді жағдайларда болатын болса, химиялық нәтижесінде мүмкін болатын тот басу іздерінің болмау заттарына электр қозғалтқышының қорғаныш құрылғыларының түйісулерін тексеру ұсынылады. Стандартты қондырғыларда электр қозғалтқышының қорғаныш құрылғыларының түйісулері бірнеше жылдар ішіндегі жұмысқа негізделген және ешқандай тексерулерді талап етпейді.

Келтірілген тізім соңғы болып табылмайды. Басқару шкафы мұқият және үнемі техникалық қызмет көрсетуді талап ететін ортада жұмыс істейтін жүйелерде, қондырғыларда орнатылуы мүмкін.

Назар аударыңыз

13. Істен шығару

Жүйені пайдаланудан шығару үшін, шкаф қорек алатын басқару желісін токтан ажырату керек.



Ескертпе

Басқару шкафының құрамында басты ажыратқыш қарастырылмаған. Ол керек-жарақ ретінде жеке тапсырыспен алынады және басқару шкафының жанында дербес құрастырылады.

14. Техникалық сипаттамалар

Болуы мүмкін қорек кернеуі, номиналды кернеу

- 1 x 230 В.
- 3 x 380 В.

Кернеудің жол берілетін ауытқулары

Номиналды кернеудің мәнінен -5 % / +10 %. Сонымен қатар нақты сорғының Төлқұжатын, құрастыру және пайдалану бойынша Нұсқаулықты қараңыз.

Басқару шкафына арналған желідегі ток жиілігі 50/60 Гц.

Сонымен қатар нақты сорғының Төлқұжатын, құрастыру және пайдалану бойынша Нұсқаулықты қараңыз.

Электр желісін жерге тұйықтау

TN және TT желілері үшін.

Оқшаулаудың есепті номиналды кернеуі U₀

4 кВ.

U_{imp} номиналды импульстік кернеуі

4 кВ.

Қоректің келуі жағындағы сақтандырғыш

Орындалудың нұсқасына байланысты, техникалық сипаттамалары бар фирмалық тақташаны қараңыз.

Басқарудың тізбегіндегі сақтандырғыш

Балқымалы ендімесімен сақтандырғыш: 250 мА/В/32 мм x Ø6 мм.

Қоршаған ортаның температурасы

- Пайдалану кезінде: -30 °С ден +50 °С дейін (күн сәулесінің тікелей түсуіне ұшыратуға болмайды).
- Сақтау кезінде: -30 °С ден +60 °С дейін.

Қорғаныш дәрежесі

IP55.

Электромагниттік үйлесімділік (ЭМУ)

МемСТ 30804.6.2 және МемСТ 30804.6.3 стандарттарына сәйкес.

Пневматикалық түтіктер

- Әрбіреуінің м.ж. ұзындығы 20 м (әрбір пневматикалық түтіктің стандартты ұзындығы 10 м құрайды).
- Диаметрі: 10 мм.
- Материалы: PA 11.

Басқару шкафының корпусы

- Габаритті өлшемдері: биіктігі = 378 мм, ені = 278 мм, тереңдігінің көлемі = 130 мм.
- Материал: ABS (акрилонитрил-бутадиен-стирол).
- Салмағы: орындалымына байланысты фирмалық тақташасын қар.

Авариялық сигнализацияның шығу құрылғысы

Өзгермелі тогынан м.ж. 230 В / м.ж. 2 А / м.т. 10 мА / AC1.

15. Ақаулықтың алдын алу және жою

Ақаулық	Себебі	Ақаулықтарды жою
1. Сорғы (лар) жұмыс істемейді.	a) Қорек кернеуінің жоқтығы. Үздіксіз қоректің аккумуляторлық батареясының болмауы барысында: Жарық индикаторларының бірде-бірі жанбайды. Үздіксіз қоректің аккумуляторлық батареясының болуы барысында: <i>11.7 Буферлік аккумуляторлы батареясы жұмысы барысындағы басқару шкафының функциясы тарауын қар.</i>	Қорек кернеуін қосуыңыз.
	b) ҚОСУ-АЖЫР-АВТОМАТ пайдалану режимдерінің көппозициялы ауыстырып қосқышы АЖЫР (○) күйінде тұр.	ҚОСУ-АЖЫР-АВТОМАТ пайдалану режимдерінің көппозициялы ауыстырып қосқышын ҚОСУ (I) немесе АВТОМАТ (○) күйіне орнатыңыз.
	c) Басқару контурының сақтандырғыштары қызып кеткен.	Себебін тексеру және жою. Басқарушы тізбегінің балқымалы сақтандырғыштарын алмастыру.
	d) Электр қозғалтқышының қорғаныш жылу релесі сорғыны ажыратты (сорғы ақаулығының қызыл түсті жарық индикаторы үнемі жанып тұрады).	Сорғы/құдығын тексеру.
	e) Электр қозғалтқышының РТС терморезисторы/термоажыратқышы сорғыны сөндіріп тастаған (сорғы ақаулығының қызыл түсті жарық индикаторы үнемі жанып тұрады).	Сорғыны суыту. Қолмен қайта іске қосу үшін, басқару шкафының орнатылымы орындалмаса, салқындағаннан кейін, сорғы автоматты түрде іске қосылатын болады. Егер мұның орны болатын болса, ҚОСУ-АЖЫР-АВТОМАТ пайдалану режимдерінің көппозициялы ауыстырып қосқышын АЖЫР (○) күйіне орнатыңыз. Егер сорғыны ажырату электродтар тығындамасымен туындаған болса, оларды тазарту немесе алмастыру керек.
	f) Электр қозғалтқышының қорғаныш релесін басқару контурының үзілуі немесе зақымдануы (жасыл түсті сорғының жұмыс режимінің жарық индикаторы үнемі жанып тұрады).	Басқару контурын тексеру.
	g) Электрқозғалтқыштың немесе оның кабелінің ақаулығы.	Электрқозғалтқыш пен кабелін тексеру.
	h) Қоңырау тәріздес өлшегіш датчиктерінің ақаулығы.	Датчиктердің орналасуын, сонымен қатар пневматикалық түтіктердің күйін, қысым релесін және датчиктердің өзін тексеру.
	i) CU 211 және CU 212 модулі ақаулы.	CU 211 және CU 212 модулін алмастыру.
	j) Ауыстырып қосқыш блогын қате орнату.	Басқару шкафына қорек берілісін 1 минутқа сөндіру, кейін қайта қосу (өдеттегі үдеріс).
2. Сорғылардың жиі іске қосылуы/тоқтаулары.	a) Қоңырау тәріздес өлшегіш датчиктерінің ақаулығы.	Датчиктердің орналасуын, сонымен қатар пневматикалық түтіктердің күйін, қысым релесін және датчиктердің өзін тексеру.

Сонымен қатар сәйкес сорғы үшін құрастыру жайлы Төлқұжат, Нұсқаулықты қараңыз.

16. Бұйымды кәдеге жарату

Шекті күйдің негізгі өлшемдері болып табылатындар:

1. жөндеу немесе ауыстыру қарастырылмаған бір немесе бірнеше құрамдас бөліктердің істен шығуы;
2. пайдаланудың экономикалық тиімсіздігіне алып келетін жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге шығындардың ұлғаюы.

Аталған жабдық, сонымен қатар, тораптар мен бөлшектер экология саласында жергілікті заңнамалық талаптарға сәйкес жиналуы және кәдеге жаратылуы тиіс.

17. Дайындаушы. Қызметтік мерзімі

Дайындаушы:

GRUNDFOS Holding A/S концерні,

Poul Due Jensens Vej 7, DK-8850 Bjerringbro, Дания*

* нақты дайындалу елі фирмалық тақташасында көрсетілген.

Уәкілетті дайындаушы тұлға/Импорттаушы**:

«Грундфос Истра» ЖШҚ

143581, Мәскеу облысы, Истра ауданы,

Павло-Слободское е/м.,

Лешково ауылы, 188-үй.

Орта Азия бойынша импорттаушы:

«Грундфос Қазақстан» ЖШС

Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қ.,

Көк-Төбе шағын ауданы, Қыз-Жібек көшесі, 7.

** импорттық жабдықтарға қатысты көрсетілген.

Ресейде дайындалған жабдық үшін:

Дайындаушы:

«Грундфос Истра» ЖШҚ

143581, Мәскеу облысы, Истра ауданы,

Павло-Слободское е/м.,

Лешково ауылы, 188-үй.

Орта Азия бойынша импорттаушы:

«Грундфос Қазақстан» ЖШС


Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қ.,

Көк-Төбе шағын ауданы, Қыз-Жібек көшесі, 7.


Жабдықтың қызмет мерзімі 10 жылды құрайды.

Техникалық өзгерістер болуы мүмкін.

Приложение 1.



TM01 4444 0500




TM01 4827 0500


TM01 4828 4799

Рис. 7 Схема внешних подключений шкафа управления для одного насоса LC 107


Поз.	Описание
1	Датчик уровня в форме колокола для пуска первого насоса/общего останова.
2	Датчик уровня в форме колокола для пуска следующего насоса.
3	Датчик уровня в форме колокола для подачи сигнала о превышении уровня.
4	Внимание: все подводящие трубы должны быть выше данного уровня.



TM01 4445 0500



TM01 4856 0500



TM01 4829 4799

Рис. 8 Схема внешних подключений шкафа управления для двух насосов LCD 107

Информация о подтверждении соответствия

**RU**

Низковольтные комплектные устройства - шкафы управления насосами серии LC 107 и LCD 107 сертифицированы на соответствие требованиям технических регламентов Таможенного союза «О безопасности низковольтного оборудования» (ТР ТС 004/2011), «Электромагнитная совместимость технических средств» (ТР ТС 020/2011).

Сертификат соответствия:

№ ТС RU С-ДК.АИ30.В.01166, срок действия до 07.12.2019 г.

Выдан органом по сертификации продукции «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» ООО «Ивановский Фонд Сертификации», аттестат аккредитации

№ РОСС RU.0001.11АИ30 от 20.06.2014 г., выдан Федеральной службой по аккредитации; адрес: 153032, Российская Федерация, Ивановская обл., г. Иваново, ул. Станкостроителей, дом 1; телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48.

Истра, 8 декабря 2014 г.

KZ

Төменвольтті жиынтықты қондырғылар - LC 107 және LCD 107 сериялы сорғылардың басқару шкафтары «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 004/2011), «Техникалық заттардың электрлі магниттік сәйкестілігі» (ТР ТС 020/2011) техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестілігі сертификатталды.

Сәйкестік сертификаты:

№ ТС RU С-ДК.АИ30.В.01166, жарамдылық мерзімі 07.12.2019 жылға дейін.

«Иваново Сертификаттау Қоры» ЖШҚ «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» өнімді сертификациялау бойынша органымен берілген, аккредитациялау

аттестаты № РОСС RU.0001.11АИ30 20.06.2014 ж., аккредитациялау бойынша Федералды қызметімен берілген; мекен-жайы: 153032, Ресей Федерациясы, Иванов облысы, Иваново қ., Станкостроителей көш., 1 үй; телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48.

Касаткина В. В.
Руководитель отдела качества,
экологии и охраны труда
ООО Грундфос Истра, Россия
143581, Московская область,
Истринский район,
дер. Лешково, д.188

Российская Федерация

ООО Грундфос
111024, г. Москва,
Ул. Авиамоторная, д. 10, корп.2, 10 этаж,
офис XXV. Бизнес-центр «Авиаплаза»
Тел.: (+7) 495 564-88-00, 737-30-00
Факс: (+7) 495 564-88-11
E-mail:
grundfos.moscow@grundfos.com

Республика Беларусь

Филиал ООО Грундфос в Минске
220125, г. Минск,
ул. Шафарнянская, 11, оф. 56,
БЦ «Порт»
Тел.: +7 (375 17) 286-39-72/73
Факс: 7 (375 17) 286-39-71
E-mail:
minsk@grundfos.com

Республика Казахстан

Грундфос Казахстан ЖШС
Қазақстан Республикасы,
KZ-050010 Алматы қ.,
Кек-Тебе шағын ауданы,
Қыз-Жібек кешесі, 7
Тел.: (+7) 727 227-98-54
Факс: (+7) 727 239-65-70
E-mail:
kazakhstan@grundfos.com

99016440 1215
ECM: 1167259